

*И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы техникалық
Колледжінің тарих пәні оқытушысы
Аймбетова Эльмира Сейткаримовна*

Сабақ тақырыбы: 1939-1945 жылдардағы әлемдік қауымдастық

Жоспары: 1.Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы

2. Екінші дүниежүзілік соғыс барысындағы түбірлі бетбұрыс

2,1.Ұлы Отан соғысы

3. Екінші майданның ашылуы және соғыстың қорытындысы.

Білімділік: Оқушылардың Екінші дүниежүзілік соғыстың алғы шарты, Ұлы отан соғысы, және ондағы басты шайқастар, соғыста екінші майданның ашылуы және соғыстың қорытындысы туралы білімдері бекіту, тиянақтау, қорытындылау.

Тәрбиелік: Оқушыларды патриоттық сезімге, саяси және құқықтық тәрбиеге, ұлтжандылыққа, қайсарлыққа баулу.

Дамытушылық: Оқушылардың жалпы қабілеттілігін, қызығушылығын, белсенділігін, жаңашылдықты пайдалана білу қабілетін дамыту, болған тарихи оқиғаларды саралай білуге үйрету

Сабақ түрі: практикалық (семинарлық)

Сабақ типі: білімді бекіту

Өткізу әдісі: ой шақыру топтық әдіс, ізденіс жұмыстары, сайыс әдіс, сұрақ-жауап әдіс, ой қозғау, ойын т.б

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, қосымша әдебиеттер, буклеттер, Қ.Р саяси картасы, кітап көрмесі, бейне таспалар т.б

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, Саясаттану

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру кезеңі

А) Оқушылармен сәлемдесу

Ә) аудиторияның дайындығы

Сабақта жасалынатын әрекеттер:

- Топқа бөлу,*
- Соғыстан үзінді фильм көрсету*
- Мәтінмен жұмыс*
- Картамен жұмыс*
- Брейн-рейнг әдісі*
- «Сәйкестендір»*
- «Бағдаршам ойыны»*

II. Өтілген тақырыптарға жалпы шолу

Өтілген тақырыптардың мәнін, мақсатын, пәнаралық байланыстарын ашу.

Көрме материалдарымен таныстару.

- Жоспары:**
- 1. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы**
 - 2. Екінші дүниежүзілік соғыс барысындағы түбірлі бетбұрыс**
 - 2,1. Ұлы Отан соғысы**
 - 3. Екінші майданның ашылуы және соғыстың қорытындысы.**

Оқушылар тақырыптарға сәйкес үш топқа бөлінеді

I. топ «Отан»

II. топ «Жеңіс»

III. топ «Батыр»

IV. топ Эксперт тобы (бағалау тобы).

1 мәтінді толықтыру

2 Қосымша деректер қарау

3 Сұрақтар қою

4 Талдау жасап, бағалайды т.б

Өтілген тақырыптар сайыс әдісімен қайталанып, сұралады. Сайыс бірнеше кезеңнен тұрады. Сараптама тобы құралады.

1 кезең. Соғыстан үзінді фильм көрсету. (ой шақыру)

2 кезең. Мәтінмен жұмыс

3 кезең. Картамен жұмыс

4 кезең. Брейн-рейнг әдісі

1-кезең

Мәтінмен жұмыс

Екінші дүниежүзілік соғыс барысы

кезеңдері

-1939 ж. 1
қыркүйек
-1942 шілде

-1942 маусым
-1944 қаңтар

-1944 қаңтар
-1945 2 қыркүйек

Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы

Соғыстың басталуы. Екінші дүниежүзілік соғыс 1939ж. 1 қыркүйекте германияның Польшаға Шабуылынан басталды.Польшаның Франциямен және Англиямен өзара көмектесу туралы келісім жасағанын білетін Германия Польшаны жылдам талқандауға тырысты. «Қауырт соғыс» жүргізу мақсатында ол Польшаға қарсы барлдық әскерінің үштен екі бөлігін топтастырды. 1939ж. 3 қыркүйекте Англия мен Франция Польшамен одақтастық міндеттерін орындау мақсатында Германияға соғыс жариялады. 1939ж. 19 қыркүйекте Скандинавия елдері басталған соғыста саясат ұстайтындарын мәлімдеді. Польшаға қарсы «қауырт соғыс жоспарын» іске асыру үшін неміс әскерлерінің барлық түрлері бір мезгілде екпінді шабуылға шықты.

Сонымен қатар неміс ұшақтары поляк қалаларын үздіксіз бомбалаумен болды.Немістер алғашқы күндерде-ақ поляк әскерлерінің қорғаныс шебін бұзып, Варшаваға бағыт алды. 16 қыркүйекте олар Варшаваны қоршап алды. Ал 17 қыркүйекте шығыстан Польша жеріне Кеңес Одағының әскерлері енгізілді.Қоршаудағы Варшава 28 қыркүйекке дейін шайқасты, алайда күш тең емес еді. 1939ж. 28 қыркүйекте «Достық және шекаралар» туралы кеңес-герман келісіміне қол қойылды. Бұл келісім екі мемлекеттің Польшаны ықпал аймағына бөлісуін бекітті және КСРО мен Германияның арасындағы жаңа шекараны белгіледі. 2 қазанда қорғаныс шайқастарын жүргізіп жатқан соңғы поляк бөлімдері берілді.Осылайша Польша мемлекеті төртінші рет бөлініске түсті.

Кеңес Одағы мен Финляндия арасындағы соғыс. 1939жылғы 23 тамыздағы кеңес-герман келісімі бойынша, Финляндия және Прибалтика Кеңес Одағының ықпал аймағы болуға тиісті еді. 1939ж. Қазанда КСРО Финляндия Фин шығанағындағы бірнеше аралды, Карел мойнағының және Рыбачий түбегінің бір бөлігін Шығыс Карелиядағы кеңес жерінің бір бөлігіне ауыстыру туралы және Ханко аралын жалға беру туралы талап қойды. Ханко аралында кеңес әскери-теңіз базасын салу жоспарланды.

Финляндия негізгі талаптарға келісті, бірақ Ханко аралын беруден бас тартты, Бұл Финляндияның қауіпсіздігіне нұқсан келтірген еді.Қараша айында Финляндиямен шекараға кеңес әскерлері топтастырыла бастады. 1939ж. 26 қарашада Кеңес үкіметі Финляндияға әскерлерін шекарадан 25 шақырым алысқа алып кету туралы талап қойды. Фин үкіметі тура осындай қашықтыққа кеңес әскерлері шекарадан шегінсе, бұл талапты орындаймыз деді.

Алайда кеңес Одағын бұл жауап қанағаттандырмады. 1939ж. 30 қарашада Кеңес Одағы ресми түрде соғыс жарияламай-ақ, Финляндияға шабуыл жасады.Бұл 1920ж.

Кеңес-фин бейбіт келісімшартын, 1932ж. Бір-біріне шабуыл жасамау туралы кеңес-фин келісім шартын және Гаага конвенциясын бұзу еді. Сонымен қатар бұл 1939ж. Жарияланған Финляндияғың бейтараптылығын бұзу еді. Сондықтан бұл соғысты ірі мемлекеттің ұқсам мемлекетке күш көрсетуі деп есептеп, Ұлттар Лигасы Кеңес

Одағына «басқыншы» деген айып тағып, оны 14 желтоқсанда

Лига қатарынан шығарып тастады. Соғыс 1939ж. 30 қарашасынан 1940ж. 12 наурызына дейін созылды. Кеңес-фин соғысы Солтүстік Еуропада халықаралық жағдайды шиеленістірді және оған Батыс Еуропада бір-бірімен соғыс жағдайында тұрған Германияның және Англия мен Францияның тартылу қаупін төндірді. Егер бұл соғысқа Англия мен Франция қатысса, олар, әрине, Финляндияға жақтасқан болар еді. Күш тең емес еді. 1млн. Кеңес әскеріне қарсы 420 мыңдық фин әскері соғысты. Батыстың 11 елі Финляндияға әскери техника, қару-жарақ берді және 11 мыңнан астам ерліктерді жіберді. 1940ж. Наурызда Швеция мен Норвегияның делдалдығымен кеңес-фин соғысы тоқтатылып, келісім жасалды. Келісім бойынша, КСРО құрамында Карел мойнағы, Выборг шығанағындағы аралдар, Ладога көлінің батыс және солтүстік жағалауы, Рыбачий және Средний түбектері кірді. Кеңес Одағына Ханко аралы 30 жылға берілді. Кеңес Одағы соғысты бастағандығы алдында қойған мақсатын орындады. Алайда соғыс Кеңес Одағының халықаралық беделіне нұқсан келтірді және адам шығыны да көп болды.

Германияның Батыс Еуропа елдерін басып алуы. 1940ж. көктеміне қарай Батыс Еуропаны тікелей жаулап алуды бастады. Әрине, Германияның бұлбағыттағы басты қарсыласы ағылшын-француз әскерлері болатын.

Германия ағылшын-француз әскерлеріне қарсы соғыс қимылдары табысты болуы үшін Солтүстік Атлантикада тиімді стратегиялық база болатын Дания мен норвегияны басып алу керек деп шешті. 1940ж. 9 көкекте Дания мен Норвегияның бейтараптылығын бұзып, олардың жеріне неміс әскерлері басып кірді. Дания жеңілгендігін бірден мойындады. Ал Норвегия барлық қарулы күштерін соғысқа жұмылдырып, қарсылық көрсетті. Алайда күші басым неміс әскерлері елдің көп бөлігін жаулап алып, өкімет билігін жергілікті фашистерге берді. Норвегия королі мен үкіметі талқандалған әскерінің қалдығын алып, Англияға кетті. Норвегия үшін болған соғыста неміс әскери-теңіз күштеріне ағылшындар бірнеше ауыр соққылар берді. Екі жақтың да соғыс флоты үлкен шығынға ұшырады. Бірақ ірі теңіз державасы Англия ол шығынның орнын жылдам толтырды. Ал Германия болса, осы кезден бастап теңіздегі соғысты сүңгуір қайықтардың күшімен ғана жүргізуге мәжбүр болды. Неміс бас штабы бұл шепке соқпай, Францияға шабуылды Бельгия мен Люксембург жері арқылы жүргізуді жоспарлады. 10 мамырда неміс әскерлері бейтарап Бельгия мен Нидерланды жеріне басып кірді. Нидерланды жеңілген соң, Бельгия мен Люксембургпен шекарада тұрған ағылшын-француз әскерлеріне қарсы шабуыл бастады. Шабуылды 1200 танкпен жабдықталған ең қуатты бөлімдер жүргізді. 18 мамырда олар Сомма өзеніне қарай неміс әскерлері Булонь мен Калеге жетті. Осы кезде Гитлер шабуылды тоқтатуға бұйрық берді. Қоршауға түскен ағылшын-француз әскерлерінің көп бөлігі Англияға кетіп үлгерді.

5 маусымда неміс әскерлері жаңа шабуыл бастады. Алғашында француздар Сомма, Маас және Мажино шебін ұстап тұрды. Алайда күш тең емес еді. 65 француз дивизиясына қарсы 124 неміс дивизиясы қойылды.

14 мамырда Нидерланды, 28 мамырда Бельгия жеңілгенін мойындады. Ал 10 маусымда Италия Германияның жағында соғысқа кірісті. Францияның жағдайы әбден нашарлады. 14 маусымға дейінгі аралықта неміс әскерлері үш ірі соғыс соғыс қимылын іске асырып, француздардың шебін бұзып өтті.

10 маусымда Франция үкіметі Парижден Виши қаласына көшті. 14 маусымда неміс әскерлері Парижге келіп кірді. Франция үкіметінің жаңа басшысы маршал Петен уақытша бітім жасауды ұсынды. 22 маусымда Компьен орманында бітімге қол қойылды. (1918ж. Германияның жеңілгендігі туралы бітімге қол қойылған маршал Фоштың вагонын мұражайдан алып келіп, бітім шартына сол вагонда қол қойылды).

Франция екі бөлікке бөлінді: солтүстігін неміс әскерлері басып алды, ал оңтүстігінде француз үкіметінің билігі және аз мөлшердегі әскері сақталды. Францияның әскери-теңіз күштері таратылды.

Отарларда Францияның билігі сақталды. 25 маусымда Римде Франция мен Италия арасында бітім жасалды.

1940ж. Жазында Еуропада Германияға қарсылық көрсетуін тоқтатпаған жалғыз

Англия болды. Ағылшын үкіметінің жаңа басшысы У.Черчилль Германияға қарсы соғысты жеңіске жеткенше жүргіземіз деп мәлімдеді. Гитлер Англияға Германияның Еуропадағы жеңістерін мойындап, бітім жасауды ұсынды, бірақ Черчилль бұл ұсынысты қайтарып тастады. «Біз еш уақытта берілмейміз», - деп мәлімдеді ағылшын үкіметі. Англияға қарсы соғысты Германияның әскери-әуе күштері жүргізді. Немістер Солтүстік Францияға екі жарым мыңға жуық ұшақтар алып келіп, Англияны жаппай бомбалауды бастады.

Осылайша екінші дүниежүзілік соғыс барысындағы әуедегі ең ірі шайқастардың бірі- «Англия үшін шайқас» басталды. Шайқас 1940ж. Тамызынан қазанға дейін созылды. Шайқас барысында Германия 1110 ұшақтан, ал Англия 350 ұшақтан айырылды. Алайда Англия берілмеді

Мәтін 2

Екінші дүние жүзілік соғыстың барысындағы түбірлі бетбұрыс

Кеңес-герман майданы. 1941ж 30 қыркүйекте неміс әскерлері Москваға тікелей шабуыл бастады. Қазан айында Вязьма және Брянск маңында көптеген кеңс әскери бөлімдері қоршауға түсіп қалды. Адам шығыны өте көп болды..

Батыс және Брянск майдандарының қолбасшылар құрамы да үлкен шығынға ұшырады. Бұл апаттың себебі жау әскерінің ең жаңа техникамен қарулануы, әуеде неміс күштерінің басымдылығы, кеңс әскерлері жоғары ставкасының қателіктері сияқты объективті жағдайларға байланысты болды. 13-18 қазанда Волоколамск, Можайск, Малоярославец, тарус маңында қиян-кешу ұрыстар болды. Кеңс жауынгерлері ғажап ерліктер жасады. 15 қазанда Мемлекеттік қорғағыс Комитеті «КСРО астанасын көшіру туралы» қаулы қабылдады. Бірқатар үкімет мекемелері, бүкіл дипломатиялық корпус Куйбышев қаласына көшетін болды. Москва тұрғындары арасында үрей туып, кейбіреуер астанадан кетіп жатты. Оның үстіне майдандағы жағдай туралы Ақиқат хабарлар таратылмады. 17 қазанда партияның ОК хатшысы А. Щербаков радиодан сөйлеп, астананың жауға берілуі туралы хабарлары жоққа шығарды. Москваны және оның маңындағы шептері қорғайтын әскер бөлімдерінің қолбасшылығы Г. Жуковқа тапсырылды. 15-16 қарашада немістер Москва бағытында жаңа шабуыл бастады.

1942 жылдың ақпанында қарай неміс әскерлері Москвадан батысқа қарай 100-250 шақырымға шегіндіріледі. астанаға төнген қауіп жойылды. 1942 жылдың жазында неміс кеңс Одағының оңтүстік-батысында қуатты шабуылдар нәтижесінде Қырым түбегінен басып алып, одан кейін Донбасты алып, Дон бойымен ентелеп, Сталинградқа және солтүстік кавказға қауіп төндірді. 1942ж. 25 тамызда неміс әскерлері батыс жақтан Сталинградтың түбіне жетті. Кеңс елінің басшылары сталинградқа күштер жіберді. қалаға жақын жерлерде қорғаныс шептері салынды.

1943 жылы 18 қаңтарда ленинградты қоршап алған герман әскерлерінің шебі бұзылды. 1943 жылдың жазында герман әскерлері курск маңында үлкен шабуыл бастауды жоспарлады. олар екі жақтан-Белгород пен орен бағытында шабуылға шығып, курск ауданындағы кеңс әскерлерінің үлкен тобын қоршап алып, талқандауға тиісті болды.

Африкадағы соғыс қимылдары 1942-1943жж.басқа майдандарында да түбірлі бетбұрыс кезең басталды.1942ж жазында генерал роммель басқарған танк бөлімі египет жеріне басып кірді.

Осы жылдың күзінде Александриядан 100 шақырым жерде ірі шайқас болып, ағылшындар роммель әскерінің шабуылын қайтарып тастады.Қараша айында генерал Монтгомери басқарған ағылшын әскерлері шабуылға шықты.Осы кезде генерал Эйзенхауэрдің басшылығымен ағылшын-американ әскерлері Алжирге жеткізілді.

Неміс және Италиян әскерлері одақтастар африкада толық жеңіске жетті.

Бұл жеңіс одақтастарының Жерорта теңізі майданның шабуылды өрістетуіне жағдай жасады.1943ж шілде айында одақтастар әскерлері сицилия аралына жеткізілді.

Тынық мұхиты соғыс қимылдары. Тынық мұхитта жапон әскрлеі үдемелі шабуыл нәтижесінде Қызыл теңізге дейін жеткен еді.1942ж мамыр айында Корал теңізге дейін жеткен еді .1942жылды мамыр айында коралл теңізінде олар американ әскерлерімен жеңіліске ұшыралы. 1942 жылдың маусым айынан 1943 жылдың ақпанына дейінгі аралықта тынық мұхитта одақтасарға басымдылық берген шешуші шайқастар болды.

Жапон флоты мидуэй,соломон аралдары маңында үлкен жеңілістерге ұшыралы.куриль аралдары Оңтүстік теңіз,Жаңа Гвинея және Бирма бағытында жапондар қорғанысқа көшті.шабуыл бастамасын американ флоты өз қолына алды. **Атлантика шайқастары.** Германияның соғыс-теңіз қарулы күштері британ аралдарын қоршап алуды мақсат тұтып,шайқастар жүргізді.алайда норвгияға қарсы соғыстағы ағылшын флотынан алған соққыдан кейін бұл мақсат іске аспай қалды.1941 жылдың мамырында неміс флоты осы мақсатты іске асыруға тағы да әрекет жасады.алайда ағылшын флотының қарсылығына ұшырап,ең үшлкен кемесі Бисмарктан айырылып,герман флоты су астындағы соғысқа көшті.герман сұңгуір кемелері одақтастарының жүк тасушы кемелеріне шабуылды үдетті.алайда 1943 жылы техникалық жағынан жетілдіру және күзетті күшейту шаралары арқасында одақтастар кемелері герман сұңгуір кемелерінен жылдам құтылып кететін болды .1943 жылы көктемде адмирал Дениц су асты соғысында герман флотының сәтсіздікке ұшырағанын мәлімдеді.

Еуропа елдерінде антифашистік қарсыласу қозғалысынңы күшеюі.1942-43 жылдары фашистік германия мен Италия басып алған елдерде жаңа тәртіп тәуелсіздік пен егемендікті,демократиялық бостандықтарды жоюға,елдің экономикасын соғыс мақсатына пайдалнуға және халықтың көп бөлігін концлагерьлерге айдауға негізделген еді, Бухенвальд,Дахау,заксенхаузен т.б концлагерьлерде 18 млн адам қамалып,оның 11 млнны өлтірілді.еуропаның және кеңес оодағының милиондаған тұрғындары германияға жұмысқа айдалды.

Франция қарсыласу қозғалысын генеоал Шарль де Голль жетекшілігіндегі «Күресуші Франция» деп аталтын қарулы күштер жасақтады.

Ұлы Отан соғыс кезінде
ерен ерлік көрсеткендері үшін
Кеңес Одағының Батыры
атағын 11695 жауынгер алып,
соның 497-і қазақстандықтар болды.

Қазақстан-
дықтар
дың
өшпес
ерлігі

Мәскеу
үшін
шайқаста

316 атқыштар
дивизиясы,
генерал майор
И.В.Панфилов,
Б.Момышұлы,
Т.Тоқтаров ерлігі

Ленинград
үшін
шайқаста

314 атқыштар дивизиясы
қорғады. Матросов
ерлігін С.Баймағамбетов
қайталады.

Сталинград
үшін
шайқаста

27,72,73 дивизиялары
ерлікпен шайқасты.
Ұшқыш Н.Әбдіров,
минометші
Қ.Сыпатаев ерлік көрсетіп,
КСРО Батыры атағын алды.

Ұлы Отан соғысының басталуы

КСРО



Германия

**“Барбаросса”
жоспарының
мақсаты**

КСРО ға соғыс ашу
“Қауырт соғыс”
идеясы бойынша
соғысты 1941 ж
күзінде аяқтау.

КСРО тер-сын
бірнеше
рейхкомиссияға
бөлу:
Остлонд, Украина,
Московия, Кавказ,
Гросс Түркістан

1. Солтүстік Ленинград
2. Орталық Москва
3. Оңтүстік Киев

Кеңес Одағы бойынша
27 млн. адам опат
болса соның
13% қазақ

Қазақстаннан
1196164 адам
әскер қатарына
алынды.



**Ұлы Отан
соғысы**

1941-1945


Қазақстаннан
497 адам КСРО
Батыры атағын
алды. Оның
97-сі қазақ.

Таран ауданынан
5710 адам әскерге
алынып, 2216 адам
елге оралған жоқ.

КСРО шекаралары 22.VI.1941 ж. берілген шетелдер шекаралары 1.03.1938 ж. берілген.

Картада санмен белгіленді:

1. Нидерланды.	4. Чехословакия.
2. Бельгия.	5. Венгрия.
3. Швейцария.	6. Албания.
	7. Ливан (Фр. мандаты).



Мәтін 3

Негізгі нәтижесі фашистік Германияның талқандалуы болған Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы шын мәнінде сондай ма, жоқ па, осыған сын көзбен қарайтын байыпты зерттеу жұмысын табу қиын шығар. Бұл тақырыпта әңгіме қозғалмайды да. Әрине, жау өзінен-өзі талқандалмайды ғой, оны әйтеуір біреу жүзеге асыруға тиіс болды. Соғыста ең көп шығын совет жағынан болғаны даусыз шындық.

Армия ғана емес, сонымен қатар бүкіл

халық үлкен шығынға ұшырады. Соғыс тақырыбына қатысты, осы деректен бастау алған дау-дамай күні бүгінге дейін дамыл көрмей келеді. Өткен ғасырдың 60–80-інші жылдары гитлерлік Германияны талқандау барысында Совет Одағы көрген қисапсыз шығын жайындағы естеліктер мен ғылыми еңбектер лек-легімен үздіксіз жарық көрумен болды. Ол туралы академик те, адмирал да, тарихшы да, саясаткер де, жазушы да және басқа саланың адамдары да жазды. Бәрінің айтқаны бір нәрсеге саяды – «нацистік аждаһа» миллиондаған совет адамының қаһармандық жігерінің арқасында жанышталды», «осы миллиондардың миллионы өз өмірлерін жеңістің садағасы қылды» деген тұжырым.

Түбегейлі жеңіске жеткізген басты көсемдерден екі есім көбірек аталды.

Әуелгісі, әрине, Сталин еді. Нацистерді жеңу міндетін оған Құдай жүктеген дегендей әңгімелер айтылды, қазір де айтылып жүр. Ал, қолбасшылық тарапынан жеңіс Георгий Жуковтың еңбегі деп саналады.

«Независимая газета» маршал Родион Малиновскийдің қызы айтқан естелікті жариялады. Маршалдың қызы әкесінің соғыс аяқталғаннан кейін Бірінші дүниежүзілік соғыстағы және азамат соғысындағы қызметі туралы жазғанын, ал, Отан соғысы жайында қаламын бір түртпегенін айтқан.


Қызы әкесінен оның себебін сұрағанда «мен олардың өтірігіне қосыла алмаймын» деп жауап берген Родион Малиновский. Маршал кімді меңзеген? Сөзге келмей Сталинді мадақтағандарды ма, әлде бірдеңені жасырғандарды ма? Германия алдындағы жеңіс туралы жаппай

мадақ жыр айтылып жатқан соғыстан кейінгі жылдарда наразылықтың да үні естіле бастады. Бейресми деңгейде, айтарлықтай ауқымды қамти бастаған советтік самиздатта жарық көре алатын тақырып бас көтерді.

Бұл қай жағынан алса да, антисоветтік тақырып еді. Жеңістің өте қымбат өтеуі жайында көп сөз бола бастады. «Халық мүлдем қажетсіз жерде де шығынға ұшыратылды» деген пікір қалыптасты.

Ол аздай, соғыс уақытында мемлекет пен армияны басқарған және халықты керексіз жерде шығынға ұшыратуға тікелей жауапты негізгі басшылардың әрекетіне қатысты тергеу жүргізілуін талап етушілер пайда болды.

Неміс әскерлерінің 1944 ж. Нормандияға түсірілуі



- Майдан 6.06.1944 ж. қарай
- - - Майдан 20.07.1944 ж. қарай
- - - - Майдан 10.08.1944 ж. қарай
- ⚡ Неміс әскерлерінің қарсы соққысы
- - - - Неміс әскерлерінің соңғы топтары
- ➔ Одақтастардың соққылары
- 💡 Одақтастардың әуе десанттары

Соғыстың аяқталуы және тарихи маңызы

Потсдам конференциясы

КСРО ның соғысты жеңуінің тарихи маңызы

КСРО ның саяси отадағы маңызы

1. Дүниеге төңген фашистік қауіптің бетін қайтара білді
2. Еуропаны фашистік шырмаудан азат етті
3. Дүниені фашистік құлдықтан сақтап қалды және “жаңа ереженің” орнатылуын, халықтың -1,2,3 сортқа бөлінуін тоқтатты


1. Ұлы Отан соғысынан кейін КСРО ның беделі өсті.
2. Кеңес өкіметінсіз ешқандай бейбіт келісімдер жүзеге асырылмады.

2-кезең

Картамен жұмыс



Картадан тапқан мемлекеттердің осы соғыстағы өздерінің мақсаттарын, жоспарын, жетістігін айтып мақтануға тырысады.






3-кезең

Брейнг-рейнг

*Сұрақ-жауап,
1 минутта оқушы неше
сұраққа жауап береді?*

4-кезең



1-топ . “Отан”

<i>1. Соғыстың ұзақтығы</i>	<i>1,7 млрд астам</i>
<i>2. Соғысқа қатысқан елдер</i>	<i>22млн км²</i>
<i>3. Соғысқан елдер халқы</i>	<i>6жыл</i>
<i>4. соғыс болған жер көлемі</i>	<i>61</i>

2-топ. "Жеңіс"

1.Мобилизацияланғандар саны

90млн астам

2.соғыстан өлгендер саны

400млрд \$, 1117млрд\$

3.Жаралы болғандар

110 млн астам


*4.Материалдық шығындар
Тікелей соғыс шығыны*

50млн астам

3-топ. "Батыр"

- | | |
|--|-------------------------|
| <i>1.Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы</i> | <i>1941ж30қыркүйек</i> |
| <i>2.Мәскеуге шайқас қашан басталды</i> | <i>1939ж 1қыркүйек</i> |
| <i>3.Сталинград түбіндегі шайқас уақыты</i> | <i>1945ж 2 қыркүйек</i> |
| <i>4.Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталған уақыты</i> | <i>1942ж19 қараша</i> |

5-кезең





Холокост

1945ж

2- қыркүйек





Барбаросса

Потсдам





Ялта

Хиросима



Бауыржан Момышұлы



Бауыржан Момышұлының

ұлағатты сөздерінен:

***Ептілік пен ерлік-
Ерге тән қасиет.***

***Әдіссіздік -әлсіздік.
Ептілік те ерлік.***

***Әдіссіздік -әлсіздік.
Ептілік те ерлік.***